




БИБЛИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА



АКАДЕМИЯ НАУК  
КАЗАХСКОЙ ССР

Смет

Кенесбаевич

КЕНЕСБАЕВ



*L. Kenning*

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

---

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар

ІСМЕТ  
КЕҢЕСБАЙҰЛЫ  
КЕҢЕСБАЕВ

ҚАЗАҚ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ • 1984

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

---

Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана

СМЕТ  
КЕНЕСБАЕВИЧ  
КЕНЕСБАЕВ

ИЗДАТЕЛЬСТВО «НАУКА» КАЗАХСКОЙ ССР

АЛМА-АТА • 1984

Б а с р е д а к т о р  
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі  
З. А. Ахметов

Жауапты редакторлар:  
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ж. М. Әбділдин,  
Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі  
Ш. Ш. Сарыбаев

Құрастырушылар:  
Ш. Н. Көлбаева, Д. Н. Қазбекова, Ш. Е. Құрышжанова



Главный редактор  
академик Академии наук Казахской ССР  
З. А. Ахметов

Ответственные редакторы:  
академик Академии наук Казахской ССР Ж. М. Абдильдин,  
член-корреспондент Академии наук Казахской ССР  
Ш. Ш. Сарыбаев

Составители:  
Ш. Н. Кульбаева, Д. Н. Казбекова, Ш. Е. Курьшжанова

## О ҚЫРМАНДАР ЕСІНЕ

Қазақстан ғылымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы ретінде ұсынылып отырған бұл көрсеткіш Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің және Қарақалпақ АССР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Исмет Кеңесбайұлы Кеңесбаевқа арналып отыр.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен творчестволық еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның өз еңбектері және ол туралы жазылған әдебиет енгізілді.

Көрсеткіш материалдары хронологиялық тәртіппен орналасқан. Әрбір жыл көлемінде әуелі қазақша, одан кейін орысша, одан әрі басқа тілдерде басылып шыққан материалдар алфавит тәртібімен орналастырылды.

Кітапша соңындағы еңбектердің алфавиттік және есім көрсеткіштеріне еніп отырған материал мен есім атауларының тұсындағы цифрлар олардың хронологиялық көрсеткішінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

## К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель — продолжение серии библиографии ученых Казахстана — посвящен академику Академии наук Казахской ССР, доктору филологических наук, профессору, заслуженному деятелю науки Казахской ССР, Каракалпакской АССР, лауреату Государственной премии КазССР Смету Кенесбаевичу Кенесбаеву.

Библиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, его публикации и литературу о нем.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года — по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском и далее — на других языках.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

## ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ І. К. КЕҢЕСБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Ісмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев 1907 жылы 15 февральда Шымкент облысы, Созақ ауданында (осы күнгі «Сызған» совхозында) туды.

1921—1922 жж. Түркістан қаласындағы В. И. Ленин атындағы мектептің оқушысы.

1921 ж. ВЛКСМ мүшелігіне алынды.

1922—1926 жж. Ташкент қаласындағы Қазақтың халық ағарту институтының студенті.

1926—1928 жж. Ташкент қаласындағы Қазақ педагогика институтының студенті.

1928—1931 жж. Ленинград шығыстану институты түркология бөлімінің студенті.

1931—1946 жж. Абай атындағы Қазақ педагогика институтының оқытушысы, доценті, профессоры.

1931—1934 жж. Халық ағарту комиссариаты жанындағы оқу-методикалық советінің (УМС) методисі.

1932—1935 жж. Қазақ мемлекеттік баспасының редакторы.

— Алматы қалалық советінің мүшесі.

1933—1936 жж. Алматы медицина институты тілдер кафедрасының меңгерушісі.

— ҚазЦИК-тың жанындағы Қазақ ұлт-мәдениеті ғылыми-институтының ғылыми қызметкері.

1936—1939 жж. СССР Ғылым академиясының Қазақстандық филиалы Тіл және әдебиет секторының аға ғылыми қызметкері.

1939 ж. Орыс мектептерінің жоғары кластарына арналған қазақ тілі бойынша жазған оқулығы үшін филология ғылымының кандидаты атағын алды.

- 1942 ж. КПСС мүшелігіне алынды.  
— Абай атындағы қазақ педагогика институтының қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі.
- 1943—1951 жж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі.
- 1944 ж. Филология ғылымының докторы атағын алу үшін «Қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестері» деген тақырыпқа диссертация қорғады  
— «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталды.
- 1945 ж. Филология ғылымының докторы атағы берілді.  
— «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды.  
— Профессор атағы берілді.  
— «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.
- 1946 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланды.
- 1946—1951, 1957—1975 жж. «Қазақ ССР ҒА Хабаршысы» журналы редколлегиясының мүшесі.
- 1946—1951 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті.
- 1946—1951 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумының мүшесі.
- 1947—1951 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының директоры.  
— «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы» журналының жауапты редакторы.  
— Шетелдермен мәдени байланыс жасайтын Бүкілодақтық қоғамының (ВОКС) қазақ бөлімінің председателі.
- 1948—1950 жж. Алматы қалалық еңбекшілер депутаттары Советінің депутаты.
- 1951—1953 жж. Қызылорда педагогика институты қазақ тілі кафедрасының профессоры.
- 1954—1956 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының академиялық сөздік бөлімінің меңгерушісі.
- 1957—1961 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының директоры.
- 1958 жылдан Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты түркология мен қазақ тілі тарихы бөлімінің меңгерушісі.  
— Қытай Халық Республикасына командировкаға барып қайтты.
- 1960 ж. Москвада өткен шығыстану ғалымдарының Халықаралық XXV конгресіне қатысты.

1961—1978 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры.

1963 жылдан Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы председателінің орынбасары.

1966 ж. Түрік тіл қоғамының XI конгресіне қатысу үшін Түркияға барып қайтты.

1967 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

1967—1979 жж. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы» журналының жауапты редакторы.

1969 ж. Тұрақты интернационалдық алтай конференциясының XII сессиясына (ПИАК) қатысу үшін Герман Демократиялық Республикасына жіберілді.

1970 ж. «Ерлік еңбек үшін. Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен наградталды.

1970 жылдан осы күнге дейін Қазақ совет энциклопедиясы Бас редколлегиясының мүшесі және тіл білімі бойынша редакциялық советтің председателі.

1970—1975 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-секретары.

1970 жылдан осы күнге дейін «Советская тюркология» журналының редколлегия мүшесі.

1970—1974 жж. Қазақстан Коммунистік партиясы Алматы обкомының мүшесі.

1971 ж. ПИАК-тың XIV сессиясында баяндама жасау мақсатымен Венгрияға барып қайтты.

1972 ж. Түркияда Түрік тіл қоғамының конгресінде баяндама жасады.

1973 жылдан СССР Совет тюркологтары комитетінің мүшесі.

1974 жылдан СССР Ғылым академиясы жанындағы Әдебиет және тіл бөлімінің «Социалистік ұлттардың дамуына байланысты ұлттық тілдердің даму заңдылықтары» атты комплекстік проблема бойынша құрылған ғылыми советтің мүшесі.

1976 ж. Алматыда өткен II Бүкілодақтық тюркология конференциясында баяндама жасады.

1976 жылдан Шетелдердегі отандастармен мәдени байланыс жасайтын Совет қоғамының («Отан» қоғамы) қазақ бөлімшесі президиумының председателі.

— Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумының мүшесі.

1977 ж. Ленин орденімен наградталды.

— «Қарақалпақ АССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.

1978 ж. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегі

үшін Ғылым мен техника саласындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығы берілді.

— Түркияда «Түрік тіл қоғамының» корреспондент-мүшесі болып сайланды.

— ФРГ-дегі «Орал — Алтай қоғамының» құрметті мүшесі болып сайланды.

1979 жылдан «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы» журналының редколлегия мүшесі.

1980 ж. Ташкент қаласында өткен Бүкілодақтық III түркология конференциясына қатысты.

— СССР Ғылым академиясы жанындағы Археография комиссиясының шығыс археографиялық біріккен секциясының мүшесі.

## ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР С. К. КЕНЕСБАЕВА

Смет Кенесбаевич Кенесбаев родился 15 февраля 1907 г. в Сузакском районе Чимкентской области (ныне совхоз «Сызган»).

1921—1922 гг. Ученик школы имени В. И. Ленина (г. Туркестан).

1921 г. Вступил в ряды Ленинского комсомола.

1922—1926 гг. Студент Казахского института просвещения (г. Ташкент).

1926—1928 гг. Студент Казахского педагогического института (г. Ташкент).

1928—1931 гг. Студент тюркологического отделения Ленинградского восточного института.

1931—1946 гг. Преподаватель, доцент, профессор Казахского педагогического института им. Абая (Алма-Ата).

1931—1934 гг. Методист учебно-методического совета Наркомпроса.

1932—1935 гг. Редактор Казгосиздата.

— Член Алма-Атинского городского Совета.

1933—1936 гг. Заведующий кафедрой языков Алма-Атинского медицинского института.

— Научный сотрудник Казахского научно-исследовательского института национальной культуры при КазЦИК.

1936—1939 гг. Старший научный сотрудник Сектора языка и литературы Казахского филиала АН СССР.

1939 г. Присвоена ученая степень кандидата филологических наук за учебник по казахскому языку для русских средних школ.

1942 г. Принят в ряды КПСС.

— Заведующий кафедрой казахского языка Казахского педагогического института им. Абая.

1943—1951 гг. Заведующий кафедрой общего языкознания Казахского государственного университета им. С. М. Кирова.

1944 г. Защитил докторскую диссертацию на тему «Устойчивые словосочетания в казахском языке».

— Награжден медалью «За трудовую доблесть».

1945 г. Присуждена ученая степень доктора филологических наук

— Награжден орденом «Красная Звезда».

— Присвоено звание профессора.

— Присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки Казахской ССР».

1946 г. Избран действительным членом (академиком) Академии наук КазССР.

1946—1951, 1957—1975 гг. Член редколлегии журнала «Вестник АН КазССР».

1946—1951 гг. Вице-президент АН КазССР.

1946—1951 гг. Член Президиума АН КазССР.

1947—1951 гг. Директор Института языка и литературы АН КазССР.

— Ответственный редактор журнала «Известия АН КазССР. Серия филологическая».

— Председатель Казахского отделения Всесоюзного общества по культурной связи с заграницей (ВОКС).

1948—1950 гг. Депутат Алма-Атинского городского Совета депутатов трудящихся.

1951—1953 гг. Профессор кафедры казахского языка Кызыл-Ординского педагогического института.

1954—1956 гг. Заведующий отделом академического словаря Института языка и литературы АН КазССР.

1957—1961 гг. Директор Института языка и литературы АН КазССР.

1958 г. Заведующий отделом истории казахского языка и терминологии Института языка и литературы АН КазССР.

— Командировка в КНР.

1960 г. Участник XXV Международного конгресса востоковедов (Москва).

1961—1978 гг. Директор Института языкознания АН КазССР.

1963 г. Заместитель председателя Государственной терминологической комиссии при Совете Министров КазССР.

1966 г. Участник XI конгресса Турецкого лингвистического общества (Турция).

1967 г. Награжден орденом Трудового Красного Знамени.

1967—1979 гг. Ответственный редактор журнала «Известия АН КазССР. Серия филологическая».

1969 г. Участник XII сессии Постоянной интернациональной алтаистической конференции — ПИАК (ГДР).

1970 г. Награжден юбилейной медалью «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения Владимира Ильича Ленина».

С 1970 г. по настоящее время член Главной редакции и председатель редакционного совета по языкознанию Казахской советской энциклопедии.

1970—1975 гг. Академик-секретарь Отделения общественных наук АН КазССР.

С 1970 г. по настоящее время член редколлегии журнала «Советская тюркология».

1970—1974 гг. Член Алма-Атинского обкома Коммунистической партии Казахстана.

1971 г. Участник XIV сессии ПИАК (Венгрия).

1972 г. Выступил с докладом на Турецком лингвистическом конгрессе (Турция).

С 1973 г. Член Советского комитета тюркологов.

С 1974 г. Член Научного совета по комплексной проблеме «Закономерности развития национальных языков в связи с развитием социалистических наций» при Отделении литературы и языка Академии наук СССР.

1976 г. Выступил с докладом на II Всесоюзной тюркологической конференции (Алма-Ата).

С 1976 г. Председатель президиума Казахского отделения Советского общества по культурным связям с соотечественниками за рубежом «Отан» («Родина»).

— Член Президиума АН КазССР.

1977 г. Награжден орденом Ленина.

— Присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки Каракалпакской АССР».

1978 г. Присуждена Государственная премия Казахской ССР в области науки и техники за работу «Фразеологический словарь казахского языка».

— Избран членом-корреспондентом «Турецкого лингвистического общества» (Турция).

— Избран почетным членом «Урало-Алтайского общества» (ФРГ).

1979 г. Член редколлегии журнала «Известия АН КазССР. Серия филологическая».

1980 г. Участник III Всесоюзной тюркологической конференции (г. Ташкент).

— Член объединенной секции восточной археологии Археологической комиссии АН СССР.

## ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ І. Қ. КЕҢЕСБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, Қазақ ССР Ғылым академиясының ірге тасын қаласқан, халқымызға аты әйгілі түрколог-ғалым Ісмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев қазіргі Шымкент облысының Созақ ауданындағы «Сызған» совхозында 1907 жылдың 15 февралында туған. Алдымен ауылда мұсылманша хат танып, 1921—1922 жылдары Түркістан қаласындағы В. И. Ленин атындағы мектепте, 1922—1926 жылдары Ташкент қаласындағы Қазақ ағарту институтында оқиды. 1926 ж. осы институт Қазақ педагогикалық институты болып қайта құрылған кезде, соған түседі де, оның екінші курсына тамамдаған бойы Ленинградтағы шығыстану институтының түркология бөлімшесіне (ол кезде түркология семинары деп аталған) ауысады. Оқымыстының ғылыми сапарындағы болашақ тағдыр-бағытын айқындаған жылдар, асылында, осы институтта тәлім алған жылдары болды. Мұнда ол А. Н. Самойлович, В. В. Бартольд, С. Е. Малов, И. И. Мещанинов, Л. В. Щерба іспетті профессорлардың дәрісін тындап, жалпы лингвистикалық, түркологиялық терең білім алады.

1931 ж. оқуын бітіріп, І. Қ. Кеңесбаев Қазақстанға қайта оралып, Халық ағарту комиссариатында методист әрі Алматыдағы Қазақ педагогика институтында қазақ тілінің мұғалімі болып істейді. Кейін Қазақ мемлекеттік медицина институты тіл кафедрасының меңгерушісі, СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының аға ғылыми қызметкері болады. 1939 ж. орыс мектебінің 8—10 кластарына арналған орыс тілінің оқулығы диссертация тақырыбы болды да, ол үшін І. Қ. Кеңесбаевқа филология ғылымының кандидаты деген ғылыми атақ берілді. 1944 ж. «Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестер» деген тақырыпқа докторлық диссертация қорғады. Бұдан кейін

Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институты мен С. М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық етті.

1946 ж. І. Қ. Кеңесбаев Қазақ ССР Ғылым академиясына толық мүше болып сайланды. 1951 жылға дейін Қазақ ССР ҒА-ның вице-президенті болып істеді. Ширек ғасыр бойы Қазақ ССР ҒА-ның ғылыми-зерттеу мекемелері: Тіл және әдебиет (1947—1951 және 1957—1961 жж.), Тіл білімі (1961—1978 жж.) институттарын басқарды. Бірнеше жыл Қазақ ССР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-секретары міндетін атқарды.

І. Қ. Кеңесбаевтың ғылыми ізденісі жан-жақты. Ол, көбінесе, фонетика, лексика, фразеологизм проблемаларымен шұғылданып келді. Түркологияның, әдеби тілдің, қолданбалы тіл білімінің мәселелері де (терминология, оқулықтар, емле), сондай-ақ СССР халықтары тілінің ара қатынасы, аударма проблемалары, алтаистика мәселелері де ол кісінің назарынан тыс қалған емес.

І. Қ. Кеңесбаев қазақ әдеби тілін кемелдендіру, байыту жөнінде өзінше ой талғамы бар, аса бағалы пікірлер айтқан ғалым. Қазақ жазуын, алфавиті мен емлесін ұстарту үшін І. Қ. Кеңесбаев еткен еңбек өлшеусіз мол. Қазақ тіл білімінің көкейкесті мәселелері жөнінде ол ұйымдастырған не қилы мәжіліс, пікір айтыстары — өз алдына бір төбе. Ол мұндайда ұйымдастырып қана қоймай, ғылыми диспуттың жуан ортасына белсене түсіп жүрген адам.

Фонетика мен фразеология мәселелерін шешу жөніндегі І. Қ. Кеңесбаевтың өнімді еңбегі түркологтар қауымына ертеден аян. Ғалым фонетика мен фонологияны зерттеуді сонау 30-жылдардың өзінде-ақ қолға ала бастаған-ды. І. Қ. Кеңесбаевтың фонетика жөніндегі зерттеулерінде қазақ тілі фонемаларының тек құрамы жайындағы мәселелер ғана емес, оның акцентуация, дауыстылар үндестігі, буын жігі, басқа да әр қилы, құбылыстары жайындағы бұрын зерттеуші назарынан қалыс келе жатқан күрделі мәселелері егжей-тегжейлі әңгіме етіледі. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөніндегі зерттеулерге, Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтында тәжірибе-фонетикасы лабораториясының ұйымдастырылуына Ленинград фонологиялық мектебінің басшысы, көрнекті совет тіл білімпазы Л. В. Щерба идеяларының игі әсері болғанын осы жерде айта кеткен жөн. Фонетика мен жалпы тіл білімі жөнінен осы кісіден дәріс алу (1928—1931 жж.) І. Қ. Кеңесбаевтың фонетика мен фонология саласына ерекше назармен ден қоюына зор ықпал етті. Дыбыс жүйесінің келелі мәселелері жайындағы ғалымның әр жылдарда жүргізген зерттеулері «Қазіргі қазақ тілі» деген кітаптың «Фонетика» бөлімінде жаңадан қайта жинақталып, 1962 ж. жарық көрді.

І. Қ. Кеңесбаевтың фразеология мен лексикографияны зерттеу саласындағы қызметі орасан зор. І. Кеңесбаев 10000 қазақ фразеологизмдерін жинап қана қоймай оған талдау жасап, зор жауапты да, ауқымды еңбекті бастан атқарды. Оқымыстының бұл саладағы деректерді жүйеге келтіріп, зерттеуге ынтасының ауа бастағаны 1930 жылдардың аяқ шені болатын. Жергілікті халықтың ауызекі тілін тікелей бақылау әрі жазба нұсқаларға зер салу ғалымның қазақ фразеологизмдерін сөз тіркестерінің өзге тобынан ажыратып бөлек қарастыруына себеп болды. Автордың бұл саладағы дамылсыз ізденістерінің нәтижесінде «Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері» деген еңбек жазылды да, ол кейін (1944 ж.) докторлық диссертациясына негіз болды. Бұл — фразеологизм туралы түркологиядағы алғашқы еңбек болатын.

Бұл салада ғалымның, әсіресе, көп жылдық еңбегінің жемісі 1977 ж. басылып шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» ерекше атау қажет. Мұнда бай фразеологиялық қор жүйеге келтіріліп, қыруар дерек пайдаланылған. Бұл шынында, бүкіл отандық сондай-ақ, шетелдік түркологияда да көлем жағынан да (88 баспа табақ), сапа жағынан да осы саладағы тұңғыш еңбек болып отыр. Сан жылдар тіркестеп жиған мол тілдік деректерін былай қойғанда, сөздік шықпай тұрғанда да І. Кеңесбаев қазақ тілінің мүлдем қозғаусыз тың жатқан проблемасы жайында ғылыми журналдардың бетінде бірнеше дүркін мақала зерттеулер жариялаған-ды. Сөздікте фразеологияның өз объектісінің басы айқын сараланып, оның түрсіпаты, мақал-мәтел, афоризм секілді тіркестердің өзге түрлерінен айырмашылығы тәптіштей көрсетіледі. Сөздікте фразеологизмдердің лексикалық мағынасы ғана көрсетіліп қоймай, олардың кейбір нәзік стильдік жақтарына дейін салиқалы сипаттама беріледі.

Автор фразеологияны қазақ тіл білімінің дербес саласы деп танып, оған нанымды дәлел келтіреді. Зерттеушінің зор тәжірибесі, ана тіліне жетіктігі тіл қазынасының аса бір асыл інжу маржанын танып білуіне, оның эмоциялық, бейнелік қасиетін, халықтың рухани және материалдық мәдениеті мен байланысын, этностық ерекшелігін еркін түсінуіне көмектесті. Автор фразеологизмдердің мағынасы мен құрылымдық жағына тән белгілерінің егжей-тегжейіне дейін әдейілеп тоқталады. Сөздіктің Ғылым мен техника саласындағы 1978 жылғы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болуы — осының кәміл айғағы.

Қазір І. Қ. Кеңесбаев Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтының Түркология мен қазақ тілі тарихы бөлімінің басшысы ретінде жазба ескерткіштерді зерттеу жұмысына белсене араласуда. Жеке зерттеушілердің еңбектерін былай қойғанда, бұл кісінің редакция-

лық басшылығымен, тіл тарихына арналған бірнеше жинақ жарық көріп отыр. Кейінгі кездері ғалым қазақ әдеби тілінің жазба, ауызша қайнар көзін ашу мәселесіне жіті назар аударуда.

І. Қ. Кеңесбаев — әр түрлі сөздіктерді құрастыруға, редакциялауға көп қатысқан адам. Ол 1946 ж. жарық көрген екі томдық «Орысша-қазақша сөздіктің» құрастырушылары мен редакторларының бірі. Қазақ тілінің үлкен емле сөздігінің екі басылымы І. Кеңесбаевтың тікелей қатысуымен, редакциясымен шыққаны мәлім. Сондай-ақ түркология тарихындағы тұңғыш сөздік — екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» (1959—1961) шығуына басшылық етті. 1956 ж. ол Т. Жанұзақовпен бірлесіп, лингвистика терминдерінің орысша-қазақша сөздігін құрастырып бастырды. Ол 1966 ж. толықтырылып қайта басылып шықты. «Абай тілінің сөздігі» (1968), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (10 томдық), екі томдық «Орысша-қазақша сөздік» (1978, 1981) сияқты лексикографиялық еңбектердің шығуына редакция алқасының мүшесі ретінде көп еңбек сіңірді. Қос сөздерді лексикологиялық және лексикографиялық тұрғыдан зерттеу де бұл кісінің назар аударып отырған мәселелерінің бірі.

І. Қ. Кеңесбаев қазақ лексикографиясының теориялық талас мәселелерінің басын ашып, анықтауға да құлшына ат салысып жүрген адам. Теориялық жағынан тереңдік, тіл құбылыстарына деген нәзік сезімталдық, деректерінің молдығы — міне І. Қ. Кеңесбаев еңбектеріне тән асыл қасиеттер осындай.

І. Қ. Кеңесбаев — республикамыздағы, сондай-ақ одан тыс жердегі түрколог ғалымдардың жаңа легінің өркен жайып өсуіне қалтқысыз көмек етіп келе жатқан тәлімгер ұстаз ғалым. Оның қазақ тіл білімі саласында табысты еңбек етіп жүрген шәкірттерінің арасында 6 ғылым докторы, 20-дан астам ғылым кандидаты бар. Ол кісіге берілген «Қарақалпақ АССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы, сол секілді Қалмақ АССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталуы бұл кісіге деген туысқан республикалардағы ілтипаттың айғағы.

І. Қ. Кеңесбаев — халықаралық ірі ғылыми конгрестерде, мәслихаттарда совет түркологиясының уәкілі ретінде сан дүркін баяндама жасады. Әсіресе оның шығыстанушылардың Москвада өткен (1960) халықаралық XXV конгресінде, Түркі тілі қоғамының Түркияда өткен (1966, 1972) конгрестерінде, ГДР-де (1970), Венгрияда (1971) өткен Халықаралық алтаистика қоғамының тұрақты конференциясында, сондай-ақ еліміздегі толып жатқан ғылыми форумдарда жасаған баяндамалары ден қоярлық жұмыс. І. Қ. Кеңесбаев — «Орал — Алтай қоғамының» құрметті мүшесі (ФРГ), «Түрік тілі қоғамының» корреспондент-мүшесі (Түркия).

І. Қ. Кеңесбаевтың редакторлық жұмысы да алуан түрлі: Коллективтік еңбектерге редакция алқасының мүшесі есебінде сіңірген еңбегін былай қойғанда, көптеген жеке монографияларға да қол көмегі тиді. І. Қ. Кеңесбаев бес томдық «Қазақ ССР тарихының (көне заманнан бүгінге дейін)» кей тарауларын жазысуға қатынасты, әрі ол — осы еңбектің Бас редакция алқасының мүшесі.

І. Қ. Кеңесбаев бастауыш, орта және жоғары мектеп игілігі үшін де дамылсыз қамқорлық етіп келеді. Бір көңіл аударарлық жай — өзінің ұстаздық алғашқы тәжірибесін сонау 30-жылдарда-ақ оқулықтар мен мектеп программаларын құрастырудан бастаған еді. І. Қ. Кеңесбаев — әліппенің, әрі қазақ мектебіне (5—6 кластарға), әрі орыс мектебіне (8—10 кластарға) арналған қазақ тілі оқулығының авторы. Сонымен қатар өзге авторлармен бірлесе отырып жоғары оқу орындарына арнап қазақ тілінің бірнеше оқулығы мен оқу құралын жазды.

Әсіресе І. Қ. Кеңесбаевтың қазақ тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу ісін ұйымдастырудағы еңбегінің орасан мол екенін баса айтқанымыз абзал. Қазақ мемлекеттік университетінің жалпы тіл білімі кафедрасын құрған да, оған бірнеше жыл басшылық еткен адам да осы кісі болатын. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институтын қолымен ұйымдастырушылардың да бірі — І. Қ. Кеңесбаев. Кейін М. О. Әуезов пен І. Қ. Кеңесбаевтың ұсынысымен бұл институттың Тіл білімі және Әдебиет пен өнер институты болып екіге бөлінгені мәлім.

І. Қ. Кеңесбаев көптеген қоғамдық жұмыспен шұғылданады: Шетелдердегі отандастармен мәдени байланыс жасайтын қазақ «Отан» қоғамы президиумының председателі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы председателінің орынбасары, Түркологтардың совет комитетінің мүшесі, сондай-ақ ол ССРСР ҒА Әдебиет пен тіл бөлімшесі жанындағы «Социалистік ұлттардың дамуына байланысты ұлт тілдерінің даму заңдылығы» жөніндегі және Қазақ ССР ҒА Қоғамдық ғылыми бөлімшесінің жанындағы «Қазақ тілінің даму заңдылығы» жөніндегі ғылыми кеңестердің мүшесі. Көп жылдан бері «Советская тюркология», «Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы» секілді журналдардың редколлегия мүшесі. Ұзақ жыл бойы соңғы аталған журналдың жауапты редакторы болып істеді.

І. Қ. Кеңесбаев екі рет Алматы қалалық Советінің депутаты болып сайланды, Қазақстан КП Алматы облыстық комитетінің мүшесі болды. Шетелдердегі отандастармен мәдени байланыс Совет қоғамының («Отан» қоғамы) қазақ бөлімшесі президиумының председателі (1947) І. Қ. Кеңесбаев болатын.

Туған республикамыздағы ғылым ардагерлерінің бірі І. Қ. Кеңесбаев қазірде Қазақ ССР ҒА-нда жемісті еңбек етуде.

І. Қ. Кеңесбаевтың осындай жан-жақты ғылыми-педагогикалық, қоғамдық қызметін үкіметіміз жоғары бағалап Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және бірнеше медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен нағрадтады. Ең алғаш «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағын алған ғалымдардың бірі де осы кісі.

**КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ,  
ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
С. К. КЕНЕСБАЕВА**

Смет Кенесбаевич Кенесбаев — крупный ученый-тюрколог, один из основоположников казахского советского языкознания, один из учредителей Академии наук Казахской ССР, родился 15 февраля 1907 г. в Сузакском районе Чимкентской области (ныне совхоз «Сызган»). Сначала он учился в мусульманской школе, а в 1921/22 учебном году — в школе им. В. И. Ленина в г. Туркестане. С 1922 по 1926 г. учился в Казахском институте просвещения в г. Ташкенте. В 1926 г. С. К. Кенесбаев поступил в Казахский педагогический институт в г. Ташкенте, который был открыт на базе Казинпроса. После окончания второго курса он продолжил учебу на тюркологическом семинарии (отделении) Ленинградского восточного института, которую завершил в 1931 г. Годы учебы в этом институте определили путь молодого филолога; в нем он получил хорошую тюркологическую, языковедческую подготовку у профессоров А. Н. Самойловича, В. В. Бартольда, С. Е. Малова, И. И. Мещанинова, Л. В. Щербы и др.

В 1931 г. С. К. Кенесбаев возвратился в Казахстан, где работал методистом в Наркомпросе и одновременно преподавал казахский язык в Казахском педагогическом институте им. Абая. Позже он заведует кафедрой языков в Казахском государственном медицинском институте, работает научным сотрудником в Казахском филиале АН СССР. В 1939 г. за учебник казахского языка для 8—10-х классов русской школы С. К. Кенесбаеву присуждается ученая степень кандидата филологических наук. В 1944 г. он защитил докторскую диссертацию на тему «Устойчивые словосочетания в казахском языке». Долгие годы он работал в Казахском педагогическом инсти-

туте им. Абая и Казахском государственном университете им. С. М. Кирова.

В 1946 г. С. К. Кенесбаев избирается в действительные члены АН КазССР и до 1951 г. занимает пост вице-президента АН КазССР. Четверть века он возглавлял научно-исследовательские филологические учреждения АН КазССР: Институт языка и литературы (1947—1951, 1957—1961 гг.), Институт языкознания (1961—1978 гг.), — ряд лет работал в должности академика-секретаря Отделения общественных наук АН КазССР.

Разнообразны научные интересы С. К. Кенесбаева. Среди них — проблемы фонетики, лексики, фразеологии, а также вопросы тюркологии, литературного языка, прикладной лингвистики (терминология, учебная литература, орфография), взаимоотношения языков народов СССР, проблемы перевода, алтаистики.

Большую ценность представляют высказанные С. К. Кенесбаевым мысли и положения об усовершенствовании казахского литературного языка. Много сил отдает он делу улучшения письменности (алфавита и орфографии) казахского языка: организовывал и проводил совещания, дискуссии по спорным вопросам казахского языкознания, сам активно участвовал в их обсуждении.

Особенно плодотворны поиски С. К. Кенесбаева в области фонетики и фразеологии казахского языка. Еще в 30-х гг. им начат цикл работ по фонетике и фонологии, ныне хорошо известных широкому кругу тюркологов. Полное отражение получили в фонетических работах С. К. Кенесбаева сложные вопросы фонемного состава, функционирования акцентуации, гармонии гласных, слогоделения, разнообразных звуковых изменений, которые не рассматривались или рассматривались частично в работах предшественников. Нужно отметить, что в исследованиях С. К. Кенесбаева фонетической системы казахского языка и в организации им впоследствии экспериментально-фонетической лаборатории при Институте языкознания АН КазССР получили свое развитие идеи главы Ленинградской фонологической школы, виднейшего советского языковеда — академика Л. В. Щербы, у которого С. К. Кенесбаев учился (слушал теоретические дисциплины по фонетике и общему языкознанию в 1928—1931 гг.) и которому он обязан своим особым интересом к фонетике и фонологии. Целый ряд оригинальных работ С. К. Кенесбаева, выполненных в разные годы по наиболее узловым вопросам, в новом обобщенном виде представлен в большом разделе «Фонетика» в книге «Современный казахский язык» (Алма-Ата, 1962).

Исключительно важны достижения С. К. Кенесбаева в области фразеологии и лексикографии. Он проделал колоссальную и ответ-

ственную работу по собиранию и анализу 10 000 фразеологизмов. Интерес к изучению этой проблематики у ученого возник еще в конце 30-х гг., когда, наблюдая за живой разговорной речью, он пришел к целесообразности дифференцированного рассмотрения фразеологических единиц. Результатом настойчивых поисков автора в этой области явился труд «Устойчивые словосочетания в казахском языке», который в 1944 г. был успешно защищен им в качестве докторской диссертации, первой по фразеологизмам в тюркологии.

В 1977 г. был издан его многолетний фундаментальный труд по систематизации богатого фразеологического фонда с привлечением разнообразных источников — «Фразеологический словарь казахского языка» (объем 88 уч.-изд. л.), по существу, являющийся первой работой подобного рода в отечественной и зарубежной тюркологии. Предвестниками его стали статьи по фразеологии, с которыми он выступал на страницах научных журналов. В исследовательской части четко очерчены объект фразеологии, характер и типы фразеологизмов в отличие от других устойчивых сочетаний слов — пословиц, поговорок, афоризмов, раскрыты лексические значения, показаны случаи употребления и стилистические оттенки многих фразеологических единиц. Автор убедительно мотивирует необходимость выделения фразеологии как самостоятельной отрасли казахского языкознания. Тонкое знание родного языка позволило автору проследить процесс рождения его жемчужин, установить их эмоционально-образное значение, во многих случаях органически связанное с этнической, духовной и материальной культурой народа. Автор довольно подробно рассматривает релевантные признаки фразеологических единиц. Этот раздел, как и весь словарь, написан на стилистически отточенном казахском литературном языке. В 1978 г. за подготовку и издание «Фразеологического словаря казахского языка» С. К. Кенесбаеву присуждена Государственная премия Казахской ССР в области науки и техники.

С. К. Кенесбаев, осуществляя руководство ведущим научным подразделением Института языкознания АН КазССР — отделом тюркологии и истории казахского языка, проводит значительную работу по изучению письменных памятников. Под его редакцией выпущено несколько сборников статей, не говоря уже о книгах отдельных сотрудников этого отдела. Внимание ученых нацелено на выявление письменных и устных истоков казахского литературного языка.

С. К. Кенесбаев участвовал в составлении и редактировании различных типов словарей. Он является одним из составителей и редакторов двухтомного «Русско-казахского словаря» (1946). При его участии и под его редакцией было осуществлено два издания боль-

шого «Орфографического словаря казахского языка». Под руководством С. К. Кенесбаева впервые в тюркологии было осуществлено издание двухтомного «Толкового словаря казахского языка» (1959—1961). В 1956 г. совместно с Т. Джанузаковым им был составлен и издан «Русско-казахский словарь лингвистических терминов». В 1966 г. этот словарь был переиздан в дополненном виде. С. К. Кенесбаев являлся членом редколлегии «Словаря языка Абая» (1968), десяти томного «Толкового словаря казахского языка», двухтомного «Русско-казахского словаря» (1978, 1981).

В кругу научных интересов С. К. Кенесбаева — исследования в лексикологическом и лексикографическом плане проблемы парных слов в казахском языке.

С. К. Кенесбаев выступает и со статьями, посвященными спорным вопросам теории лексикографии. Они неизменно отличаются теоретической глубиной, тонкими наблюдениями над процессами, происходящими в системе языка, а также богатством привлекаемого материала.

С. К. Кенесбаев постоянно заботится о росте научных кадров филологов в Казахстане и в других братских республиках. Среди его учеников 6 докторов наук и свыше 20 кандидатов, плодотворно работающих в области казахского языкознания. Его научное руководство по достоинству оценено в других республиках: С. К. Кенесбаеву присвоено звание заслуженного деятеля науки Каракалпакской АССР, он награжден Почетной грамотой Верховного Совета Калмыцкой АССР.

С. К. Кенесбаев неоднократно представлял советскую тюркологию на крупных международных конгрессах и совещаниях. Он выступал с докладами на XXV Международном конгрессе востоковедов в Москве (1960), на тюркологических конгрессах Турецкого лингвистического общества в Турции (1966, 1972), на Постоянных интернациональных алтаистических конференциях (ПИАК) в ГДР (1970), Венгрии (1971), а также на многих тюркологических форумах в СССР. С. К. Кенесбаев — почетный член «Урало-Алтайского общества» (ФРГ), член-корреспондент «Турецкого лингвистического общества» (Турция).

Большую работу ведет С. К. Кенесбаев и как редактор. Под его редакцией изданы многочисленные монографии, не говоря уже о его работе как члена редколлегии коллективных трудов. Он участвовал в написании отдельных глав и состоял членом Главной редакционной коллегии пятитомной «Истории Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней)».

Многое сделал С. К. Кенесбаев для начальной, средней и выс-

шей школы. Примечательно, что свою педагогическую деятельность он начал еще в 30-х гг. с составления учебников и программ для начальной и средней школы. Он автор букварей, учебников по казахскому языку для казахской (для 5—6-х классов) и русской средней школы (для 8—10-х классов). С. К. Кенесбаев является также соавтором нескольких учебников и учебных пособий для вузов.

Значительна роль С. К. Кенесбаева в самой организации научного исследования казахского языка. С. К. Кенесбаев — инициатор организации кафедры общего языкознания в КазГУ, которой он руководил в течение ряда лет. При его непосредственном участии был создан Институт языка и литературы АН КазССР, который позже по предложению М. О. Ауэзова и С. К. Кенесбаева был разделен на два самостоятельных института — Институт языкознания и Институт литературы и искусства.

С. К. Кенесбаев ведет большую общественную работу: председатель президиума Казахского отделения Советского общества по культурным связям с соотечественниками за рубежом «Отан» («Родина»), заместитель Государственной терминологической комиссии при Совете Министров КазССР, член Советского Комитета тюркологов, член научных советов «Закономерности развития национальных языков в связи с развитием социалистических наций» при Отделении литературы и языка АН СССР и «Закономерности развития казахского языка» при Отделении общественных наук АН КазССР. В течение многих лет С. К. Кенесбаев является членом редколлегии журналов «Советская тюркология» и «Известия АН КазССР. Серия филологическая» (долгое время был его ответственным редактором). С. К. Кенесбаев неоднократно избирался депутатом городского Совета депутатов трудящихся, являлся членом Алма-Атинского областного комитета Компартии Казахстана. Он был первым по времени (1947) председателем Казахского отделения Всесоюзного общества культурной связи (ВОКС) с границей. Один из ветеранов науки в республике, С. К. Кенесбаев и поныне плодотворно занимается научной деятельностью в Академии наук Казахской ССР.

